

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды даярлық топ				
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	Қаңтар айы 2-апта 09.01-10.01. 2025ж				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
				09.01.25ж	10.01.25ж
Күн тәртібі	«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2 қаңтар « Заң және тәртіп айы » Апта дәйек сөздері: « Ең жақсы тәртіп мектебі -бұл отбасы »автор С Смайлс				
Балаларды қабылдау	Салемдесу . Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу. үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесу Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	. Ата-анаға кеңес: Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				«Ұлттық ойын - ҰЛТ қазынасы» Ойын: «Торғайлар» қимылды ойыны Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты:Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ алаңның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ-торғайлар. Тәрбиеші торды ашындар дегенде І-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.(Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады.	«Ұлттық ойын - ҰЛТ қазынасы» «Сақинаны лақтыр» Мақсаты : Балалардың қол бұлшықеттері мен көздің жақсы көруін жетілдіріп, жақсарту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тепе — теңдікті, дәлдікті сақтай білуге тәрбиелеу. Ойынның шарты : Балалар ойынды кезектесіп ойнайды. Балалардан 20-30 метрдей қашықтықта сақинаны тізетін зат қойылады, ал балаларға ойыншық сақиналар таратылады. Балалар көздеп тұрып, сақиналарды таяқшаға кигізулері керек.

				Тәрбиеші «торды жабыңдар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды. 	
	Мақсаты: балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып , еңбекқорлыққа , тапқырлыққа, батылдыққа тәрбиелеу				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық				«Қылқалам ханшасы» Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. Мақсат-міндеттер. Қыс қызығы туралы әңгімелесу. Мнемотехниканы қолдану. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)	Шаттық шеңбері Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! Мақсат-міндеттер. Қыс туралы өздігінен сөйлем құрап, әңгіме құрау. Ойындар ойынау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша Ұйымдастырылған іс-әрекеті.				Математика негіздері Міндеті: 10-көлемінде тура және кері санау -келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Талдау, салыстыру, қарапайым	Сауат ашу негіздері Міндеті: Сызба бойынша сөздерді буынға бөлу. -берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. -«Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту; -білімпаз болуға тәрбиелеу. Дене шынықтыру Міндеті Шаңғымен жүру(таза ауада)

				тұжырымдар жасауды үйрету; -назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту. Сөйлеуді дамыту Міндеті: Кім ақылды? (әңгіме) - сөздерді буынға бөлуді үйрету; -сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту; Музыка Міндеті: Айнала ақша қар. - музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату; -музыканың ширақ сипатын жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру, тізені көтеріп жүгіруді орындау; -би элементтері арқылы балаларға эстетикалық тәрбие беру. Қазақ тілі Міндеті: Дене мүшелерінің атқаратын қызметі - қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және	-шаңғы жолымен сырғу арқылы жүру жаттығуларын жасауға дағдыландыру. Таудан түсу және оған көтерілу үлгісі бойынша жаттығулар жасату.. Шайбаны бір – біріне лақтыру және мұз жолымен сырғу жаттығулары Көркем әдебиет Міндеті Бір уыс мақта. (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин - әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу; -әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету; -әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру; -сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту; -еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қоршаған ортамен Таныстыру Міндеті:. Үй жануарларының қандай пайдасы бар? -үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін жинақтау; үй жануарлары мен жабай аңдардың атын атап, оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету; -тірі нысанды суреттеу
--	--	--	--	---	---

				күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру; жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, тіл мәдениетін дамыту.	қабілеттерін дамыту; зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; -табиғатты бағалай білуге, оған адамгершілік қарымқатынас жасауға үйрету.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)				
Серуен				Қар тазартқышты бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Көліктерді еңбекте қолданудың маңызы, олардың құрылымының ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту; технологияға деген қызығушылықты және ересектердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Зерттеу. Қар тазалайтын көлік пен жедел жәрдем көлігі екеуін салыстыру. (зерттеу іс-әрекеті) Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: алаңдағы қарды тазарту және лабиринт құрастыру. Мақсат-міндеттер. Бірлесіп әрекет етуге, істі соңына дейін жеткізуге үйрету, еңбек дағдыларын тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аңшылар мен аңдар", "Ұсталма", "Тез ал, тез қой". (дене	Қардың түсуін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет) Мақсат-міндеттер. Қардың қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; маусымдық құбылыс - қардың түсуі туралы білімдерін бекіту. Зерттеу. Ақ қағазға ұшып келе жатқан қар ұлпаларын ұстау; зерттеу; қасиеттерін анықтау. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ағаштардың тамырларын қармен жабу. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс жасау қабілетін дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары. "Аққала ойыны". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Заттарды лақтыру дағдыларын бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар: қозғалыстарды дамыту.

				шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Моториканы нығайту; эмоционалдық саланы, ептілік пен батылдықты дамыту.	Мақсат-міндеттер. Қар лақтыруды үйрету.
Серуеннен оралу	Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)				Дидактикалық ойын. "Не жасырынғанын айт". Мақсат-міндеттер. Балалардың ойлау, елестету, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін дамыту; заттардың қасиеттерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Шарты. Алғашында педагог, содан соң балалар біртіндеп жүргізушінің рөлін кезегімен атқарады. Жүргізуші балаларға жасырынған затты (ойыншықты, құбылысты, жануарды, құсты, өсімдікті) сөзбен сипаттайды, нақты атауын атамайды, ойыншы балалар жауабын табуға тырысады. Алғашында педагог балалар үшін заттың сипаттамасын қарапайым және нақтылы береді, содан соң тапсырмалар күрделене бастайды. Мысалы, "Бұл өсімдік, қылқан жапырақты ағаштарға жатады, пішіні үшбұрышқа келеді", "Бұл жиһаз, ол пластиктен де, ағаштан да жасалады, адамның демалуына жағымды ықпал етеді".	Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер". Мақсат-міндеттер. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдар: доп. Шарты. Балалар бір тізбекке, жарты шеңберде (шеңберде) отырады (тұрады). Алғашқы кезеңдерде жүргізуші рөлін педагог өзі атқару мүмкін, ойын шартының орындалуын реттеп отыру үшін. Жүргізуші допты кезегімен әрбір балаға "От!", "Су!", "Аспан!", "Жер!" сөздерін айтып допты қолға лақтырады. Допты ұстап алған бала әрбір сигнал сөзіне әрқалай бір ғана жауап береді. Мысалы, "от" - өзін-өзі айналу, "су" - суда мекендейтін балық, судың астында мекен ететін жануарды атау, "аспан" - аспанда ұшып жүретін құс не жәндікті атау, "жер" - жануар, жәндікті атау. (танымдық іс-әрекет,

				(танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)	зерттеу іс-әрекет)
Балалармен жеке жұмыс				қарындашты дұрыс ұстауға үйрету. Суреттен ойын-жаттығу «Үзік сызықтарды қос»	ермексазбен жұмыс жасауға үйрету. Мүсіндеуден ойын-жаттығу:«Асық»
Серуенге дайындық	. Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру				
Серуен				Аула сыпырушы еңбегімен танысу Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балалардың түсінігін толықтыру. Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу. Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Тақпақ: Қолына киіп қолғапты, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге олжол ашты. Қимылды ойын: «Сауықшылар»(қысқы спорт ойындары.) Жеке жұмыс: «Кім алысқа секіреді?» Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру. Жаңылтпаштар: Қаңтар айы болды, күн суытты Қалың қар жауды, боран соқты. Жапалақтап ақ қар жауды Еңбек: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпруға көмектесу (Экологиялық мәдениет)	Мұз сүңгісін бақылау. Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру. Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету. Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу. Сұрақтар: Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? Сәбіз сияқты Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады? Күнге жақта ма, әлде терістік жақта ма? Олар қайдан пайда болады? Осыдан қандай қортынды жасауға болады? Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұзафар Әлімбаев Қимылды ойын: «»Үйсіз қалған қоян Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру. (Экологиялық мәдениет)
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)				.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

